

№1 Лекция тақырыбы:

КІРІСПЕ. I-БЛОК. ЕЖЕЛГІ АДАМДАР ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы және ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениеті

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Қазақстан тарихы курсының мақсаты мен міндеттері
2. Тарихи үдерісті кезеңдерге бөлу
3. Антропогенез туралы жаңа мәліметтер.
4. Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі.

1. Қазақстан тарихы курсының мақсаты мен міндеттері. Қазақстан тарихы бүкіл адамзат тарихының толық мықты бір бөлімі, өйткені ол дүниежүзі тарихы, Евразия тарихы, көшпенділер өркениеті, түркі халықтары тарихы, Орталық Азия елдерімен ұштасып жатады. Қазақстан тарихы – Қазақстанның территориясында ежелгі уақыттан бүгінгі күнге дейін болған тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді, процестерді, тарихи заңдар мен заңдылықтарды аша отырып, тұтас қарастыратын ғылым.

Қазақстан – түрлі тарихи аласапырандарды басынан өткізіп барып тәуелсіздікке қолын жеткізген, көп ұлтты республика. Сондықтан оның берік негізі патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қоя білуіне байланысты болмақ.

Ұлтының тарихын білу арқылы өзінің орнында, ортаңды біліп, өзіңді-өзің тани алатындай жағдайға келгенде ған толық қанды ХХІ ғасырдың азаматы бола аласың. Сондықтан Қазақ тарихын білу арқылы барлық азаматтарға шарт.

Пәннің мақсаты: Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру.

Пәннің міндеттері:

- 1) білім алушыларды фундаментальді деректанулық және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының жетістіктермен таныстыру;
- 2) Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орнын анықтау;
- 3) дамудың заманауи кезеңіндегі өзекті мәселелерді талдау үшін Қазақстан тарихының нысаны мен пәнінің ерекшелігін анықтау;
- 4) Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттік формалары мен өркениеттердің эволюциясын, қазақ халқы этногенезінің негізгі кезеңдерін толық және объективті көрсетуге негізделген Қазақстан тарихының ғылыми-негізделген тұжырымдамасын жасау;
- 5) қазіргі тарихтың азаматтық ұстаным мен ғылыми дүниетаным қалыптастыратын негізгі оқиғалары туралы тарихи білімдерді жүйелеу;

2. Тарихи үдерісті кезеңдерге бөлу. Кезеңдеу - тарихи процестерді сараптау құралы ретінде қызмет ететіні белгілі. Сондықтан ол ең алдымен тарихи дамудың дәуірлері мен кезеңдерінің шартты белгілеріне қарай жіктеумен айқындалады. Осыған сәйкес белгілі бір тарихи мерзім ішінде өндіргіш күштердің, қоғамдық қатынастардың, қоғам ахуалының, мәдениетінің даму кезеңдері сараланып шығады. Қазақстанның тарихын кезеңдерге бөлу қаншалықты күрделі болса, соншалықты жүйеге түспеген мәселе. Сондықтан да ғылымның алдында мынадай міндеттемелер айқындала түсті:

Біріншіден, тарихи материализмге негізделген маркстік-лениндік идеология мен методологияның тоқырауы қазақстандық тарих ғылымының алдында тарихты кезеңге бөлудің теориялық жаңа негізін жасау мәселесін туғызды. Екіншіден, бұл қазіргі кезеңдегі көкейкесті мәселе, өйткені уақыт өлшемімен алғанда тарихи процестерді кезеңдерге бөлудің жүйесі болмайынша, өткенді зерттеу, қорытындылаушы еңбектер жазу, Қазақстан аумағында өткен процестердің схемасы мен моделін құру мүмкін емес. Тарихты дәуірлеу — тарих ғылымы методологиясының аса маңызды тұстарының бірі.

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік алуы ғылымды жаңа өзгерістерге алып келді. Сондықтан да Қазақстан тарихы ғылымына қоғамдық жаңа ұлттық тарихымызды жазуға әлемдік тарих ғылымында өткен дәуірлеу мен қазіргі кезеңдегі тарихи құбылыстардың кезеңдік межелерін айқындау тәжірибесін ескеру қажет бола бастады. «Кезеңдеу – тарихи процестерді сараптау құралы ретінде қызмет ететіні белгілі. Сондықтан да ол ең алдымен тарихи дамудың дәуірлері мен кезеңдерінің шартты белгілеріне қарай жіктеумен айқындалады. Осыған сәйкес белгілі бір тарихи мерзім ішінде өндіргіш күштердің, қоғамдық қатынастардың, қоғам ахуалының, мәдениетінің даму кезеңдері сараланып шығады». Алайда Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу қаншалықты күрделі болса, соншалықты жүйеге түспеген мәселе. Атап айтсақ, ең алдымен тарихты зерттеп, зерделеудегі әдіснама (методология) мәселесі толық шешіліп біткен жоқ. Тәуелсіздік алған кезден бастап біз кешегі еуроцентристік бағытқа негізделген маркстік-лениндік әдіснамадан кеттік деп жарияладық, дегенмен бұл әдіснама әлі мемлекеттік стандарттарда, оқулықтарда кездеседі. Тіпті тарихшылардың өздері одан толық арылған жоқ. Қазір өркениеттік бағытты ұстанамыз дегенмен, тарихты пайымдауда, зерттеуде, оқытуда бұл әдіснаманы толық пайдаланып жүрген жоқпыз. Оған толық көшетін уақыт жетті. Сонда ғана Қазақстан тарихының ақтандақ беттерін дұрыс түсінуге мүмкіндік аламыз. Көшпенді өркениет мәселесін шешіп, оны әлем тарихына қоса аламыз. Қазақстан тарихын кезеңдеу мәселесі де толық аяқталған жоқ. Бұрынғысынша ежелгі, орта, жаңа, қазіргі заман деп бөлінеді. Отан тарихын бұлайша кезеңдеу біздің пікірімізше кейбір мәселелерді тереңірек және жан-жақты ашып көрсетуге толық мүмкіндік бермейді. Отан тарихын кезеңдеу дегеніміз тарих ғылымының теориясы мен методологиялық өресін көрсететін, таным биігіне көтерілу жолындағы атқарылған 311 істер мен алдағы міндеттерді айқындайтын жауапты сәт. Екіншіден, ол күрмеуі күрделі тарихи-өркениеттік үрдістердің бастысы мен екінші кезектегісін, негізгісі мен қосалқысын айырып тануға мүмкіндік береді. Отан тарихының кезеңдерін дұрыс анықтау арқылы тарих ғылымының бұған дейін ашылмай келген мәселелерін зерттеуге серпін беріп, қалың бұқараның ұзақ жылдан бері өтелмей келген ғылыми ақиқатқа деген қарызын қайтару сөзден іске айналады. Қазақ тарихы ғылымында 1917 жылдан бастап 1991 жылға дейінгі Қазақстан тарихы ғылымы бір ғана саяси-экономикалық бағытта өрбіді. Қазақстан тарихының материалдары жалпы білім беретін мектептерде ресми түрде 1958–59 оқу жылынан бастап оқытылып келеді. Бірақ та тарих сабақтары КСРО тарихы құрамында үзік-үзік оқытылғандықтан оны оқытуда көптеген қайшылықтар орын алды. Олар: білім мазмұны мен Коммунистік партияның, Кеңес үкіметінің оны оқытуға қойған талаптары, оқу бағдарламалары мен оқулықтары, білім мазмұнының көлемі, оның күрделілік деңгейі мен оқушылардың мүмкіндігі, жас ерекшелігі, оқыту әдістемесі талаптары мен курстың оқытылу жайы, пәннің оқу-материалдық базасына қойылатын талаптар мен оның іс жүзіндегі мүмкіндіктері арасындағы және басқа да қайшылықтар болатын. Тарихи үрдістердің заңдылықтары мен кезеңдеріне талдау жасауға ұмтылыс әр дәуірде де болған. Орта ғасырларда тарих пен тағдыр тәңірінің не құдайдың қолындағы іс деген пайымдау үстемдік құрса, жаңа заман ойшылдары тарих толқынының шешуші факторы ретінде ағартушылықты, төңкерісті, жеке тұлға әрекетін, мемлекеттік билік формасын алға тартты. Тарихты кезеңдеу мәселесінде отарлаушы Ресей империясы өз саясатына бейімдегендігі белгілі. Қазақ тарихты кезеңдеу мәселесін ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында ұлт зиялылары да өз

зерттеулерінде мәселе етіп көтерген болатын. М. Тынышбаевтың «Түрік-монғол тарихы» атты зерттеуінде «түрік-монғол тарихы екі кезеңге бөледі: 1) Ең ескі заманнан бастап, 1456 жылға дейін (өзбек пен қазақ-қырғыз айрылатын жыл). 2) 1454 жылдан бері қарай, қазақ-қырғыз бөлініп шыққанға дейін, қысқаша түрік-монғол тарихын бәрін жазбақшымыз, сол жылдан бері қарай бір-ақ қазақ-қырғыз тарихын айтпақшымыз», – деп жазған болатын. Ал, С. Асфендияров «Қазақтар тарихының кейбір негізгі мәселелері» атты мақаласында қазақ тарихының үш кезеңі бар, олар: 1-кезең – капиталистік дамуға дейін (XVIII ғасырға дейін), 2-кезең – отарлау. Қазақстан патшалықтың отары және Қазақстандағы Қазан революциясының алғы шарттары, 3-кезең – кеңестік, – деп бөледі. Еліміз егемендік алғаннан кейін Отан тарихын дәуірлеу мәселесін кешенді көтерген академик М. Қозыбаев еді. 1992 жылы дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайында оқыған баяндамасында тоғыз дәуірді нақты көрсетті: 1. Адам баласы қазақ сахарасында пайда болып, өмір сүрген тайпалар белесі; 2. Сақ, ғұндар заманы; 3. Түркі тектес тайпалар дәуірі; 4. Қыпшақ белесі; 5. Монғол үстемдігі; 6. Қазақ хандықтары: халық, ұлттың қалыптасуы; 7. Отаршылық бұғауында; 8. Қазақ халқы Кеңес империясының уысында; 9. Қазақ халқы егеменді ел болған шағында. 2010 жылы жарық көрген Ғылым академиясының Тарих институты шығарған оқулықтың бірінші томында «Сақ-сармат дәуірі», «Ғұн-үйсін мемлекеттері» деп дұрыс көрсетілген. Ғұндар ежелгі дүниенің екі империясының ыдырауында өз таңбаларын қалдырды. Олар: Хань және Рим империясы. Сондықтан да ғұн тарихына Отан тарихынан қомақты орын беруіміз қажет.

Отан тарихын дәуірлеуге байланысты ойларын кейінде басқа да ғалымдар ортаға салды. Мәселен, белгілі ғалым Т. Омарбеков тарихтағы бетбұрыстардың, дамудың, белестердің хронологиялық ауқымы бірде ұзақ, бірде қысқа болатынын еске сала отырып, эра, дәуір, кезең, саты тәрізді ұғымдардың аражігін нақты ашуға, соларға табан тіреп тұру қажеттілігіне баса назар аударды. Зерттеуші ғалым Х. Әбжанов қазақ тарихын 6 кезеңге бөліп қарастырады. 1) Көне Қазақстан. 2) Түркілену исламдану, қазақтану дәуіріндегі Қазақстан. 3) Қазақ хандықтары немесе табиғи-дәстүрлі даму дәуірі. 4) Зарзаман дәуірі. 5) Зорлық пен модернизациялау дәуірі. 6) Азаттық дәуірі.

Қазақ тарихында табиғи-географиялық, геосаяси ерекшелік, шаруашылық-мәдени типі ықпал еткені сөзсіз. Дегенмен, шешуші рөлде, тағдыр анықтағыш тоғыста, алдыңғы шепте бірде этникалық, енді келесі сәтте саяси фактор алма-кезек табысып жатты. Әлемдік тарихта қазіргі заман тарихының басталу кезеңін бірінші дүниежүзілік соғыстың басталу уақытымен алса, Кеңестік жүйеде 1917 жылғы қазан төңкерісінің уақытымен алған болатын. Біздің пайымдауымызша Қазақстан тарихындағы қазіргі заманды қазақ жеріне капитализмнің енуінен бастау керек деген орынды.

Қорытынды:

Ұлы даланың ежелгі тарихы (1 мың жыл бұрын – б.з.5 ғ.)

Түркілік кезең – 6-12 ғ.ғ.

Ұлттық мемлекеттің қалыптасуы (13-17 ғ.ғ.)

Отарлау кезеңі -18-20ғ.ғ. б.

Кеңестік кезең 1917 -1991

Тәуелсіздік кезең -1991 – бүгінгі күнге дейін

3. Антропогенез туралы жаңа мәліметтер. Адамзаттың пайда болуы мен қалыптасуы тас дәуірінен бастау алады. Адамның пайда болу мәселелерін зерттеу орасан көптеген теориялар туғызды, олардың ішінен екі негізгі концепцияны жеке қарастыруға болады-философиялық – діни (адамды құдай жаратты) және материалистік, бұған сәйкес адам табиғи эволюция мен еңбек қызметінің нәтижесінде жануарлардан (приматтардан) шықты.

I. Ең ежелгі адам - Елті адам – ерте палеолит

II. Тік жүрегін адам – питекантроп (1891, Ява) , синантроп – 1927, Қытай, Чжоукоудян). – ерте палеолит

III. Неандерталь адамы – Германия, 1938 –Өзбекстан, Тесік Тас -орта палеолит, мустье

IV. Саналы адам- кроманьон – Франция – кейінгі палеолит

Эволюция сатысы	Сипаттама
I кезең – архантроптар	Мидың көлемі 800 см ³ . Алғашқы тас құралдар (қырғыштар, жебе ұштары, тас балталар). Артикуляциялық сөйлеудің болмауы. Ең озық қолданылған от (олар тек оны қалай қолдау керектігін білді).
II кезең – палеоантроптар	Мидың көлемі 1300-1400 см ³ . Олар тастардың көмегімен от жағуды біледі. Бірінші артикуляциялық сөйлеу пайда болады. Тас құралдар мұқият өңделеді, сүйектері пайда болады (тарақтар, инелер). Бұл кезеңде өлгендерді жерлеу рәсімдерімен қоса жүргізілді.
III кезең – неоантроптар	Мидың көлемі 1500-1800 см ³ . Биологиялық революциядан әлеуметтік революцияға көшу. Адамның алғашқы нәсілдері қалыптасады. Мәдениет дамып келеді (тек құралдар ғана емес, сонымен қатар әшекейлер де жасалады).

Архантроптардың бір тобы — синантроптар (қытай адамы) Шығыс Азия аймағында тіршілік еткен. Синантроптардың қаңқа қалдығы 1937 жылы Пекин маңындағы үңгірден табылды. Олар аң терілерін киім ретінде пайдаланып, үңгірлерде тұрған және тас құралдарды әрі отты пайдаланған. Синантроптардың көп белгілері питекантроптармен салыстырғанда қазіргі адамдарға көбірек ұқсайды.

1907 жылы Германияның Гейдельберг қаласының маңынан ежелгі адамның қаңқа қалдығы табылған. Оны ғалымдар Гейдельберг адамы деп атап, архантроптарға жатқызды. Архантроптардың тіршілік әрекеттерінде де күрделі өзгерістер болғандығы байқалады. Олар көбіне ірі жануарларды ұжымдасып аулаған, отты пайдалана білген. Тастан құралдар жасауды жетілдірген. Тұрмыс қажетіне қарай тастардың шеттерін өткірлеп, үшкірлеп шапқыға, кескіге, қашауға ұқсас құралдар жасай білген. Архантроптардың тарихи даму кезеңіндегі негізгі ерекшеліктің бірі— сөздің пайда болуы. Сөз ежелгі адамдар арасындағы басты қарым- қатынас құралы болған. Өйткені олардың миының маңдай және самай бөліктерінің жақсы дамуы, дыбыстық ақпаратты қабылдау қабілетінің жақсы жетілгендігіне дәлел болады. Архантроптардың қаңқа қалдықтары Орталық және Солтүстік Африкадан, Оңтүстік Еуропа мен Алдыңғы Азия өңірінен де көптеп табылған. Бұл аймақтардан кейіннен архантроптар бірте-бірте Еуропа мен Азияның басқа да жерлеріне таралған деген пікірлер бар. Қазақстан жерінде де ежелгі адамдардың қоныс мекендері, пайдаланған тас құралдары мен аулаған жабайы жануарларының қаңқа қалдықтары көптеп табылды. Басқалардың қаңқа қалдықтары табылған емес. Соңғы жылдары Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары соны дәлелдейді. Тас дәуіріне қатысты тастан жасалынған құралдар Қазақстанда алғаш рет 1928 жылы Алтын Қолат жайлауының маңынан табылған. Кейіннен мұндай тас құралдар Жамбыл облысы Қызылту елді мекенінен де табылды. Осындай зерттеулер нәтижесінде ғалымдар Қазақстан жерінде ежелгі адамдардың қоныс мекендері шоғырланған бірнеше аймақты анықтады. Ондай аймақтарға Маңғыстау, Үстірт, Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау, Солтүстіктегі ұсақ таулы Көкшетау және Нарын-Бұқтырма, Ертіс маңы жатады. Архантроптар, негізінен, үңгірлерде өмір сүрген. Көптеген ғалымдар орталық немесе солтүстік Африка жеріндегі архантроптардың топтарынан қазіргі адамдар пайда болған деген пікірді қолдайды. Архантроптардан бастап қазіргі адамдардың келіп шығуы 500 мың жылдай уақыт аралығын қамтыған. Архантроптардың эволюциясында ми салмағының артуы, қоғамдасып тіршілік ету, еңбек құралдарын

жетілдіре түсу және отты пайдалану — эволюцияның басты бағыттары болды. Дегенмен де архантроптардың эволюциялық дамуында биологиялық факторлар, соның ішінде табиғи сұрыпталу басты рөл атқарған.

Адамзат тарихы археологиялық дәуірлеу бойынша маңызды үш дәуірге бөлінеді: тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі. Адамның пайдаланған еңбек құралдарының материалы бойынша аталанған. Оның ішінде ең ұзаққа созылған тас дәуірі. Ғылыми таным тас дәуірін өз ішінде үш кезеңге бөліп қарайды.

1. Палеолит (б.э.д. 2,6 млн-12-10 мың.ж.)
2. Мезолит (б.э.д. 12 мың-5 мың.ж.)
3. Неолит (б.э.д. 5 мың-3 мың.ж.)

Бірінші кезең – палеолит (көне тас ғасыры) – ең ежелгі кезең. Көне тас ғасыры ежелгі, орта және соңғы палеолит болып бөлінеді.

Палеолит дәуірінің еңбек құралдары Оңтүстік өңірде (Жамбыл облысындағы Қаратау қаласының солтүстік-шығысында), Талас ауданы орналасқан жерде Бөріқазған және Тәңірқазған деген тұрақтардан және Оңтүстік Қазақстан облысының территориясында Қошқорған, Шоқтас, Қозыбай деген тұрақтардан табылған. Бұл жерлерден табылған көне тас дәуірінің еңбек құралдары тастан жасалған екі қырлы және бір қырлы тас шапқылар, ауыр тас сынықтары, ірі ура тастар-нуклеустар болып бөлінеді. 1958 жылы Оңтүстік Қазақстандағы экспедиция кезінде Ш.Уәлиханов атындағы палеолит дәуіріне жататын тұрақты Х.Алпысбаев ашты.

Палеолит кезеңі ежелгі және кейінгі палеолитті құрайды. Ежелгі палеолит ірі-ірі үш кезеңге (мәдениетке): олдувэй (2.6 млн жыл-700 мың жыл), ашель (700 мың-150-120 мың жыл) және мустье(150-120 мың – 35-30 мың жыл) кезеңдеріне бөлінеді. Ол кездің адамдары тастың қасиеттерін жақсы білген. Материал таңдау көбінесе құралдың қолданылатын мақсатына байланысты болды. Құралдардың мынадай түрлері: шапқылар, қырғыштар, үшкір тастар, шой балғалар, піспектер, пышақтар, тескіштер және т.б. бөлініп шыққан. Ауыр салмақты, тік бұрышты ұсақ шақпақ тастар ең ежелгі еңбек құралдарына жатқызылды, олар Кеңірдек елді мекені жанынан, Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі Арыстанды өзенінің ең жоғары жайылмасынан, қатып қалған төменгі төрттік кезеңнің қалың конгломераты арасынан табылған. Мустье кезеңінде адам *от пайдануды* үйренді. Ортаңғы палеолиттің мустьер дәуірінде жаңа адамдар типі – *неандертальдықтар* қалыптасты.

Соңғы палеолит б.э.д. 35-30 мыңжылдықтардан б.э.д. 12-10 мың жылдықтардың аралығын қамтиды. Бұл жер шарының барлық климаттық аймақтарына адамның кеңінен тарай қоныстанған және тәсілдер мен нәсілдік топтардың прогрестік дамуы мен рулық қауымының қалыптасу үрдісімен, адам ұжымының қоғамдық ұйымдасуының өзіне тән алғашқы нышаны ретінде рудың шығуымен тікелей байланысты болды. Алғашқы қауым *өнері* – мамонт сүйегі мен тастардан мүсін жасау, сүйек бетіне, бетіне бедерлі ою-өрнек, үңгір қабырғаларына түрлі-түсті сурет салу ісі пайда болды. Осы кездерде *рулық ұйым* барлық жерлерде ана тектес және шеше жағынан топтасты, ал әйелдер қауымда үстем жағдайда болды деп топшыланды.

Мезолит. Дүние жүзіндегі тас дәуірінің классификациясы бойынша көне тас дәуірімен жаңа тас дәуірінің арасында өтпелі дәуірмезолит (мезо- орта, лит – тас) – орта тас дәуірі. Бұл кезең аз зерттелген, сондықтан Қазақстан жерінен табылған есекрткіштер де сирек. Кезеңнің ерекшеліктері – климат жылынып, мұз ери бастады, ірі жануарлар азайып, ұсақ аң-құстар пайда болды, *садақ пен жебе және бумеранг, микролитеттер, қайық, балық аулау құралдардың* пайда болуы.

Б.э.д. 12 мың жылдықтан 5 мыңжылдың аралығын қамтыған орта тас дәуірі болып саналатын мезолит кезеңіндегі жетістік садақ пен жебенің кең қолданылуы болып табылады. Сондай-ақ еңбек құралдарын дайындауда техникасының таралуын, халықтың орын ауыстыруының артуын мезолиттің ең жалпы ерекше белгілері деп санауға болады.

Палеолиттен мезолитке көшу климаттағы өзгерістермен ерекше болды. Бірінші

кезекте бұл мұздықтардың еруімен байланысты. Бұл кезде қазіргісіне жақын гидрографиялық желі орнығып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің қазіргісіне жақын құрамы қалыптасады. «Мамонттық» жануарлар түрлерінің жойылуы тамақ табудың бұрынғы едістерін жарамсыз етіп, тіршілік құралдарын қамтамасыз етудің жаңа едістерін жедел іздестіру қажеттігін туғызды. Мейлінше елеулі фауналық өзгерістер болған бір аймақтарда егіншілік және мал шарушылығы элементтері пайда болып, басқаларында балық аулау және жинау – аңшылық кәсібі қалыптасады. Әдебиетте мезолиттің мейлінше әр түрлі хронологиялық шеңберлері мен оның ерекше сипаттамалары бар. Қазақстан аумағының далалық өңірі үшін ең қолайлысы мезолиттің б. з. б. 10 – 7 мыңжылдықтар бойы болуын мойындау керек. Садақ пен жебенің кеңінен қолданылуын, еңбек құралдарын дайындауда сына техникасының таралуын, халықтың орын ауыстыруының артуын мезолиттің ең жалпы ерекше белгілері деп санауға болады. Мәдени – шаруашылық үлгілердің және еңбек құралдарын дайындау технологиясы сипатының аймақтық ерекшеліктері археологиялық мәдениетті бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Алғашқы аңшылар жоғарғы палеолиттің өзінде – ақ жайғасқан жерлерінен аңды қамап алуға тиімді орындарға қоныс аударды. Бұл табиғат аймақтарының ауысуына ғана емес, халық санының ұлғаюына да байланысты: аң аулайтын жер таршылық етіп, тұрғындардың бір бөлігі алыс солтүстікке, Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай, Орал өзендерінің аңғарларына қоныс аударады. Мезолиттік тұрақтар осы кезге дейін палеолиттік орындар табылмаған жерлерде пайда болды. Сонымен бірге бүкіл Қазақстан аумағында осы кезге дейін жиырма шақты ғана мезолиттік тұрақтар мелім және солар ғана жақсы зерттелген, ал палеолиттік тұрақтардың қазірдің өзінде тіркелгені жүзден астам. Бұл тұрғындар санының кемігенін білдірмейді. Ежелгі адамның өмір салты өзгерді, олар неғұрлым жиі қозғалып, аң аулауға қолайлы алаптарды іздестіріп жиі қоныс аударып отырды. Сондықтан бүгінгі күні ортаңғы тас ғасырының тұрақтарын табуға байланысты қиындықтар туып отыр: өйткені олар көбінесе небері бір маусым ішінде ғана болып, олардың орнында материлдық қалдықтар қалмады деуге болады. Сонымен бірге б. з. б. 8 мыңжылдыққа қарай қазіргісінен елдеқайда жұмсақ болған жылы климат ұзақ мерзімді, жылы және басқа тұрғын жайлар салуды қажет етпеді, сондықтан аңшылар өз тұрақтарының орнын оңай ері тез ауыстырып отырды. Қызылжар қаласына жақын Есіл бойынан Мичурин, Боголюбов – 2, Явленко – 2 тұрақтары табылды. Сәл оңтүстікте, Атбасар маңында – Тельман – 7, -8а, - 9а, -14а, одан оңтүстікте, Қарағанды маңында Әкімбек және Қарағанды –15 тұрақтары бар. Көкшетау маңындағы далалық Шағалалы жағалауындағы Виноградовка –2а, -12 тұрақтары мелім. Торғай ойпаңы ауданында – Дүзбай – 6, Қостанай қаласы маңында Дачная және Евгеньевка тұрақтары орналасқан.

Әлбетте тұрақтар өзендер мен көлдердің жағасында орналасатын. Жоғарыда айтылғанындай, тұрғын үй құрылыстарының қалдықтары сақталмаған. Есіл өзені аңғарында көлемі 40 – 60 шаршы метр, қаңқасының, қабырғаларының бөренелері терең көмілмеген жеңіл, тік бұрышты құрылыстар болған деп жорамалдауға ғана болады. Сондай-ақ, лашық терізді тұрғын жайлар салынған, олардың орындарында шағын шұңқырлар ғана қалған.

Мезолит дәуірінің ең маңызды өнер табысы – садақ. Шынына келгенде адамға ол жоғарғы палеолитте мәлім болған, бірақ оның кең таралуы жеке аң аулауға көшуге байланысты ғана мейлінше қажет болды. Садақ пен жебенің ойлап табылуы өндіргіш күштер дамуында шын мәнінде революция еді. Садақ пен жебе барлық жерге дерлік тез таралды. Ол он мың жылдан астам уақыт бойы ең тез атылатын және ең жаңа қару болды. Оның найза мен шанышқыдан артықшылығы нысананы алыстан атуында ғана емес, сонымен қатар ату едістерінің алуан түрлі: тұрып та, жатып та, отырып та атуға болатындығында еді. Мезолиттер еңбек құралдарын дайындау техникасында да одан ері принципті өзгерістер болды: олардың мөлшері тастың мөлшеріне байланысты болған жоқ. Бұл қыстырма техникасының арқасында мүмкін болды. Оның мәні мынада еді: заттың (пышақтың, қанжардың, жебе мен найза ұшының) негізі сүйектен немесе ағаштан

жасалды.

Қазақстан мезолиті ескерткіштерінен табылған материалдық қалдықтар кешенінің Оңтүстік Орал, Батыс Сібір, Шығыс Каспий маңы өңірі ескерткіштерінен елеулі айырмашылықтары жоқ. Жібелер ұштарының түріндегі және бейімделген нұсқаны қосымша өңдеу едістеріндегі болмашы айырмашылықтарды ғана атап өтуге болады. Мысалы, Мичурин, Дүзбай – 6, Дачная тұрақтарындағы геометриялық нысанда қыстырмалар жоқ. Сонымен бірге бұлардағы қыстырма қалақшалар тым шағындығымен ерекшеленеді, сондықтан «микролиттер» деп аталған. Бұл ерекшеліктер аумақтық та, хронологиялық та бола алатын еді. Маңғыстау түбегінің мезолиттік мәдениетінің қалыптасуы туралы мәселе адамның Арал – Каспий су айырығын игеру тарихымен өзара тығыз байланысты. Маңғыстаудың мезолиттік тұрағы (Қызылсу – 1 және басқалар) мен Солтүстік – Батыс (Айдабол тобы) және Оңтүстік – Батыс (Дефе - Шығанақ) Үстірттің соларға жақын ескерткіштері ұшты қырғыштардың үлкен тобымен, жиектері ұсақ оймалы және иілген қырғылармен, ассиметриялы және сирек болса да симметриялы трапециялармен, «шағын кескіштермен», кескіштермен, сабынан суарылатын жапырақ сияқты жебе ұштарымен, қыстырмалармен, ұшы қиғаш өткір бізімен, қалақшалармен және қабаттары өңделген ұшы бар сынық тастармен сипатталады.

Неолит. Жаңа тас дәуірі деп аталатын неолит кезеңі шамамен б.э.д. V-III мыңжылдықтар аралығын қамтиды. Бұл дәуірдің негізгі жетістігі болып *жер және мал шаруашылығын игеру (неолиттік төңкеріс)* болды. Сондай-ақ неолит кезеңінде басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуы атап айтқанда кен өндіру, қыш құмыра ісі, тоқыма ісі қоғамның дамуына өз ықпалын тигізбей қоймады. Бұл кезеңнің басталуы б.з.д. V мыңжылдыққа тура келеді. (б.з.д. VII – VI мыңж басы). Ол тас өңдеу техникасының ебден жетілген кезі. Қыспа ретушь техникасының жетілуімен бірге, тасты өңдеудің жаңа технологиялық әдістері: тегістеу, бұрғылау, аралау.

Тас балталар, кетпендер, дәнүккіштер, келілер, келсаптар жасала бастады. Нефриттен, яшмадан, серпентиниттен, басқа да тастардан әшекейлер – білезіктер, алқалар жасалды.

Неолит дәуірінің *аса маңызды белгісі* табиғаттың дайын өністерін иемдену орнына – жиын – терін мен аң аулаудың орнына келген *өндіруші шаруашылыққа* негіз болған мал шаруашылығы мен егіншіліктің тууы болып табылады. Шаруашылықтың жаңа түрлері шығуының адамзат қоғамының дамуы үшін орасан зор маңызы болды, адамның еңбек кәсібінің саласын кеңейтті, сонымен қатар оның сипатын сапасы жағынан өзгертті. Адамның экономикалық қызметінің одан кейін талай мың жылдарға созылған бүкіл тарихы едәуір дәрежеде осы екі шаруашылықтың даму, жетілу тарихы болып табылады.

Неолит дәуірінде алғашқы адамдардың қолы жеткен өндіргіш күштер дамуының деңгейі басқа да мәдени – тұрмыстық жаңалықтардың шығуына себепші болды. Қазақстанның ежелгі тұрғындарында кен кесібінің бастамалары шықты. *Қыш құмыра ісі (керамика), тоқымашылық дамыды.*

Әлеуметтік жағынан алғанда неолит дәуірі рулық қауым дәуірі, ұжымдық еңбек пен өндіріс құралдарына қоғамдық меншіктің үстем болған кезеңі (құрал – жабдықтарына ортақ меншік). Сонымен бірге мұның өзі қоғамның ұйымдау түрлерінің неғұрлым жоғары дамығын уақыты болды: тайпалар немесе тайпалық бірлестіктер құрылды. Тайпалар қандас – туысқандық байланысына қарай және шаруашылығының біртекті сипатына қарай біріккен бірнеше рулық қауымдарынан құрылды.

Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында 600 – ден аса неолиттік және энеолиттік ескерткіш мелім. Неолиттік тұрақтар сипатына қарай – 1) бұлақтық, 2) өзендік, 3) көлдік, 4) үңгірлік тұрақ деп төрт түрге бөлінеді.

Әдетте өзен жағасында, көл жиегіндегі тұрақтарда олжа бұйымдар саны едәуір мөлшерде кездеседі, бұл жейттен адамның тұрақты немесе ұзақ уақыт тұрғаны көрсетеді. Мұндай тұрақтардағы негізгі құрал – саймандар – пышақ терізді қалақтар және солардан жасалған заттар.

Қазақстан жерінде берінен де көбірек тарағаны бұлақ бойындағы тұрақтар, өйткені шөл және шөлейт аймақтарда өзендер аз болады – олардың дені уақытша, маусымда тұрған жерлері.

Қазақстанның шөл даласындағы неолиттік ескерткіштердің бір ерекшелігі сол, олардың көпшілігі – ашық үлгідегі тұрақтар.

Белгілі бір құралдарды жасау үшін тастардың түрлері сараланып, іріктеліп алынатын болды. Шикізаттың алуан түрлі болуы оны ұқсатудың әр түрлі техникалық тәсілдерін дамытып, жетілдіруге себепкер болды. Неолит дәуірінде солтүстік-шығыс Балқашта яшма мен кварциттен еңбек құралдары жасалды.

Дала неолитің Ежелгі Шығыс елдерінің мәдениеті дамуының ұқсас кезеңдерімен салыстырған кезде мезолит дәуіріне қарағанда бұл уақытқа қарай түрлі аймақтарда тарихи дамудың біркелкі болмауы бұрынғыдан да айқын аңғарылатынын есте сақтау керек.

Неолитте Ежелгі Шығыста денді дақылдардың барлық түрлері, көкөністердің, жеміс – жидектердің едәуір түрлері өсіріліп, қазіргі үй малының барлық түрлері қолға үйретілді деуге болады. Ал жылқы энеолитте Евразия далаларында қолға үйретілді – бұл оқиғаны «неолиттік революцияның» маңызды компоненттерінің бірі деп атауға және оның аяқталуы деп қарастыруға болады. Бірақ далалық аймақтың неолиттік қоғамының шаруашылығында ерекше өзгерістер елі де бола қойған жоқ – мұнда бұрынғысынша тамақ табудың негізгі көзі аң және балық аулау болды. Континенттік климат халық санының артуына қолайлы болмай, табиғи ресурстар халық қажеттерін қанағаттандыруға әбден жеткілікті болса керек.

Атбасар мәдениеті Тұрақтар мейлінше шоғырланған жер – Ақмола облысы. Атбасар ауданы бойынша аталған. Оның таралған аумағы: далалық өңірдегі Есіл өзенінің аңғары. Уақыты: б.з.д. VII мыңжылдықтың соңы – VI мыңжылдықтың басы. Арал өңірінің немесе шығыс Каспий маңы өңірінің тұрғындары аралаусы жағдайында жергілікті мезолит тайпаларының материалдық негізінде қалыптасты, 200 – ге жуық тұрақ зерттеліп, оның 20 шақтысы қазылды. Ескерткіштері: Виноградовка – 2, Тельман – 1, - 10, Атбасар мәдениеті тұрақтарының бәрі Солтүстік Қазақстанның аса маңызды су жолдарының ертедегі араналарының жағаларына орналасқан. Тұрғын үйлері жеңіл, жер бетіндегі сипатта болған. Бұл кезде ірі қырғыштар мен пышақтар, шой балғалар, балғалар пайда болды. Шақпақ тастар табиғи шығарылатын жерлерде мамандандырылған шеберханалар болып, шикізат алғашқы өңдеуден өткізілген.

Керамика ыдыс көлемі 1 – 5 л шамасындағы жарты жұмыртқа түрінде болған, сырты тарақ тәрізді қалыппен безендірілген. Бірақ керамиканың қалдықтары аз табылған.

Біздің қаламызда сол кездің мәдениетімен байланысты бірде – бір жерлеу ескерткіш осы уақытқа дейін жоқ. Бірақ кейбір тұрақтардың (Виноградовка – 14, Тельман – 10 және 14) шет жақтарынан тереңдігі 1 метрге жуық және диаметрі 1,5 метрге дейін жететін шұңқырлар табылды. Олардың түбінде кальцийге айналған қосындылары бар көмір қалдықтарының қалың қабаты жатыр. Бұл өлгендерді өртеу ғұрпының осы шұңқырларда жасалған қалдығы болуы да мүмкін.

Маханжар мәдениеті Бұл мәдениет ескерткіштерінің бізге белгілі көпшілігі жайылма сулардың кең участкелерінде орналасқан. (Торғай ойпатының түбінде: Маханжар, Тұздықөл – 2, Дүзбай 1 – 4, -12, Амангелді, Тобылда – Алқау – 2) тұрағы мәлім.

Маханжар мәдениетінің ыдысы ерекше: керамикалық жұқа ыдыс қолдан жасалған және ұзынша пропорцияда болған. Әдетте қылта мойыны жіңішке, түбі конус тәрізді, кейде бұдырлы болып бітеді. Өрнек ыдыстардың әлі кеуіп үлгірмеген сыртына тісті («тарашқа») қалыппен салынған. Композицияны көлденең немесе тігінен салынған иректер, сызылған параллельдер және басқа элементтер кейде бүкіл сыртқы бетін безендіріп тұрған.

Өндіруші шаруашылық дәуіріндегі Қазақстан аумағы тұрғындарының демографиясы туралы мәселені қарастыра келгенде, ауланған жануарлардың құрамына қарағанда,

камалап және қуып аулау жеке аулаумен ойдағыдай ұштастырылған аңшылық шаурашылық сол кездегі қоғамның біршама әл – ауқатты болғанын дәлелдейді.

Неолитте ежелгі Қазақстан жеріне шаруашылықтың өндіруші түрлері әлі тарала қойған жоқ. Табиғи орта өлке тұрғындарына қиыншылықтарды жеңіп шығып дамуына қолайлы жағдай жасады. Қазақстан аумағы қарама– қарсы табиғи аймақтарды қамтымады және табиғи шептерге бөлінбеді, ал мұндай жағдайларда біртекті материалдық мәдениет қалыптасады. Сондықтан, Қазақстан неолиті үшін бөлінетін археологиялық мәдениеттердің түбегейлі айырмашылықтар жоқ және олардың таралу аймағы өте кең. Әдетте тұрақтар адамдардың тіршілігін қамтамасыз ететін жерлерге жақын балық және құс аулайтын, жануарлар су ішуге келетін өзендердің жағаларына орналасқан. Сондай – ақ, неолит халқының тығыздығы құралдар дайындау үшін қажетті тас қорының жеткілікті болуына байланысты екені аңғарылған.

4. Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі. Энеолит. Археологиялық кезеңдерге бөлу өлшемдеріне сәйкес, адам өміріне мыс құралдар енген дәуірді энеолит деп атайды. Әдетте бұл жалпы алғанда шақпақ тас индустриясының құлдырап, тас құралдар жиынтығының кемуіне екеп соқты. Археологиялық үлгілердің материалдық мәдениетке жататын жаңа жиынтықтары: жалпақ түпті, өрнегі бай керамика, ұсақ қылықша, тұрғын үйлер айқын көрінеді.

Энеолит (латынша мыс және грекше тас) тас ғасыры мен қола дәуірінің аралығындағы археологиялық өтпелі кезең, яғни тас-мыс кезеңі. Бұл кезеңде тастан жасалған еңбек құралдары басым болғанымен мыстан жасалғандары да пайда бола бастады. Халықтың басты кәсібі – егіншілік пен аңшылық, мал шаруашылығы болды. Қоғамдық қатынас – рулық құрылыс. Қазақстан жерінен табылған энеолит ескерткіштер әзірге көп емес. Оларға Иманбұрлық, Сексеуілді –1, –2, қоныстарының қабаттарын Павлодарға жақын жерде Ертіс өзенінің жағасына орналасқан Железинка поселкесінің маңынан табылған обаны жатқызуға болады.

Энеолит немесе мыс заманында (б.з.б. 3 – 2 м. ж.) адамдар өмірге қажет құралдарды алғаш рет мыстан жасай бастады. Мыс кең орындары жер бетінде ерекше көз тартарлық жасыл (малахит минералы) және көк (азурит) түсті бояулы тастарымен адамдардың назарына іліккен. Мыстың сульфид минералдары жер бетіне шыққанда оттегімен тотығу нәтижесінде, ерекше тотықты белдем пайда болды. Көк, жасыл түсті белгілері арқылы алғаш кен орындарын оңай тауып, олардан сом мыс кесектерін аршып алған. Қазақ даласындағы кенді Алтайдың, Қордайдың (Жайсаң, Шатырқұл), Сарыарқаның (Жезқазған, Спасск) ірі мыс кен орындары адамдарға сол энеолит заманында – ақ белгілі болған.

Жалпы, кең тараған қазіргі Көктас, Көктасты деген атаулар негізінен мыс кен орындарына байланысты шыққан.

Бірақ Қазақстандағы мысты тас дәуірінің ескерткіштері осы уақытқа дейін жеткілікті зерттеле қойған жоқ.

Энеолиттік дәуір мал шаруашылығының басым дамыған далалық өңірде де маңызды рөл атқарды. Қазақстан даласындағы энеолит мүлде басқаша көрінеді. Бұл жолда тас индустриясы жоғары деңгейге көтерілді. Климат ылғал болды. Аңшылық ұжымдары бірге бір жерде ұзақ уақыт бойы шоғырланды.

Ботай мәдениеті. Көкшетау облысындағы Ботай бекеті жанындағы қоныстың атымен аталған. Ботай мәдениеті Солтүстік Қазақстанның далалық энеолиттің сипаттайды және мерзімі б.з.б. III – II мыңжылдықта белгіленеді.

Ботай мәдениетінің қалыптасуына неолиттік атбасар және маханжар мәдениетін құрған тайпалар қатысты. Ботай мәдениетін *В.В.Зайберт* ашты.

Қоныстар әдетте шағын дала өзендері: Торғайдың, Терісаққанның, жоғары Тобылдың, Обағаның, Шағаланың, Иманбұрлықтың биік жағаларындағы алаптарды алып жатыр. Олардың көлемі кейбіреуінде 15 гектарға жетеді. Сипаттау үшін ең көп ақпарат беретіні

Ботай қонысы болып табылады. Ол шамамен 200 жылды б.з.б XXIV – XXII ғасырларды қамтиды. Қазіргі бетінде 158 тұрғын үйдің жұрты табылды. Қазу барысында олардың қонысы тіршілік еткен соңғы кезеңде салынғаны анықталды. Ертедегі поселкенің құрылыстары өте тығыз болған: тұрғын жайлар көбінесе бір – біріне жалғасып, өзінше бір махаллалар құрып жатқан. Мұндай томаға – тұйық жоспарланған орындарға жататын құрылыстар 30 – ға дейін жетеді. Олардың ішінен белгілі бір жүйені байқауға болады: ені 4 – 8 м болатын, ал ұзындығы 50 метрге дейін жететін параллель көшелердің екі жағына кейде 15 – 16 үйден салынған.

Өндірістік – шаруашылық саймандар алуан түрлі тастардан, сазбалшықтан, сүйектен жасалды. Құрал – маймандар тұрғындардың шаруашылық укладының күрделі болғанын көрсетеді. Жүгеннің сүйек элементтері, кісенге арналған ілгектер жылқының қолға үйретіле бастағанын дәлелдейді. Тас тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, боластар, жебелердің, сүңгілердің, найзалардың ұштары аң аулаумен байланыста құралдар. Шанышқылар балық аулау кәсібін көрсетеді.

Жерлеу ғұрпы мен бірқатар символдық заттар тотемизмнің, бабаларға табынудың болғанын көрсетеді. Туыстарын қоныс аумағындағы ескі тұрғын жайларға жерлеп, жерленгендердің айналасына қабырғаларды жағалата жылқының бас сүйектерін қойған. тұрғын жайлардың бірінде, қабырғалардағы сөреде ер адамның саз балшықпен мумияланған сүйегі табылды. Тұрғын жайлардың табалдырығы астында ит көшілуі жиі кездеседі, сірә, рәсімдік сипатта болса керек.

Қола дәуірі. Адамдардың металл қорыту ісін меңгеруі қоғам дамуының алға басуына жол ашты. Қола дәуірінде (б.з.д. 2-1 мыңжылдық) адам қоғамының өндіргіш күштерінің дамуына мал шаруашылығы мен және егіншілікпен қатар әр түрлі рудаларды өндіру тас пен сүйекті ұсату аса маңызды рөл атқарды. Археологтардың қола дәуірінде мыс, алтын, қалайы, күміс қорытылып одан әрі түрлі қару-жарақ, зергерлік бұйымдар жасалды.

Қола заманында кен өндірушілер табиғи таза мыстың қоғам сұранысына жеткіліксіздігіне байланысты, металды өздері қорыта бастаған. Алғаш қортылған металл таза мыс емес, қола (мыс пен қалайының) болып шыққан. Кездейсоқ қорытылып алынған қоланың сапасы мыстан артық болып шықты. Осы заманда мыс, мырыш, қорғасын қалайы сияқты түсті металдарды қорытып сараптау басталды. Сом алтын мен қорғасын өте жұмсақ және ауыр болғандықтан тұрмыста кең қолдау тапқан жоқ. Қола дәуірі 3 кезеңге бөлінеді: *Федоров (б.д.д. XVIII-XVI)*, орта немесе *Алакөл (б.д.д. XV-XII з.з.)* және соңғы немесе *Замараев (б.д.д. XII-VIII з.з.)* кезеңі.

Бұл дәуірде Қазақстан даласын, Оңтүстік Сібірдегі және Орал аймағын шығу тегі жағынан ұқсас, өзіндік мәдениеті бар тайпалар мекендеді. *Бұл мәдениеттің алғашқы ескерткіші табылған Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласы маңындағы Андронов селосына байланысты бұл кезең а н д р о н о в мәдениеті деген атау алды. (1914 ж. Археолог Андрияновтың қазба жұмысы).*

1927 жылы археолог М.П. Грязнов андронов мәдениетінің ескерткіштерін Батыс Қазақстаннан тапты. Бұл мәдениетті зерттеуші Қазақстандық ғалымдар Ә.Х.Марғұлан, К.А.Акишев, А.Г.Максимова, С.С.Черников, А.М.Оразбаев атап өтуге болады. Андронов тайпалары Қазақстанның барлық жерін мекендеген. Негізгі қоныстанған ауданы Орталық Қазақстан. Ең ежелгі қаласы Арқайым қаласы (Қостанай мен Челябинь обл шекарасы).

Қазақстан территориясындағы зерттелген қола дәуірінің мәдени ескерткіштері Андронов мәдениеті деген атаумен аталды. Бірінші ескерткіштің табылған жері Ачинск маңындағы Андронов селосының атына қарай бұл мәдениет ғылымда шартты түрде Андронов мәдениеті”- деп аталды. Андрон мәдениетінің басқа мәдениеттерден айыратын негізгі этникалық белгісі - жерлеу ғұрпы (қол-аяғын бүгіп жерлеу)

Андронов тайпаларының қоныстанған негізгі аудандарының бірі – Орталық Қазақстан. Қола дәуірінің ерте кезеңі Солтүстік Қазақстанда *Федоров* кезеңі деп аталған, ал Орталық Қазақстанда бұл кезең *Нұра* кезеңі деп аталды, б.э.д. XVIII-XVI ғғ.

қамтыды. Қола дәуірінің орта кезеңі Солтүстік Қазақстанда *Атасу* кезеңі б.э.д. –XV-XII ғғ. қамтыды. Б.э.д. XII-VIII ғасыр – *Бөгазы-Дандыбай* кезеңінде Андронов мәдениеті тайпаларының экономикасында тұрмысымен мәдениетінде өзгерістер болды. Бұл өзгерістер қоғамның жаңа шаруашылық негізіне байланысты. Андроновтықтардың тілі – үндіран. Антропологиялық тұрпаты - еуропеоидтік. Аналық үстемдіктен аталық үстемдікке өтті.

Қола дәуірінің тайпалары кешенді түрде мал шаруашылығы (бақташылық) және жер шаруашылығымен (теселі егіншілік) айналысқандықтан негізінен өзен, көлдердің жағаларында мекендеп, жер үйлерде тұрды. Қола дәуірі тайпалары мал, жер шаруашылығы мен қатар тау-кен ісімен де айналысып металл қорытты. Қола дәуірі кезінде Қазақстан дүние жүзіндегі ең алғашқы қола қорытушы ел болды. Өте көп көлемде металл қорытылды. Атап айтсақ Жезқазған өңірінен жалпы көлемі 100 мың тонна мыс өндірілген. Орталық Қазақстаннан 130 тонна қалайы өндіріліп, 15 мың тонна таза күміс алынған. Бұлар тек қана зерттелгені ғана.

Андронов мәдениетінің тағы бір ерекше жетістігі құмыраларды кең көлемде пайдалануы қола дәуірінде құмыра жасау ісі бұрынғыдан да жетілдіріле түсті.

Андроновтықтардың археологиялық рәмізі - *сырға мен алқалар* болып табылады. От құдайы Агнияға *ешкі* малын құрбандыққа шалса, әлем күн құдайы Митраға - *бұқа* шалынды.

Андроновтықтар бірнеше үлкен патриархтық туыс семьялары бірлесіп, рулық қауым болып өмір сүрді. Бірнеше туысқан қауымдар *тайпаны* құрады. Бұған мысал ретінде б.э.д. I ғасырдағы Қазақстанның кең байтақ территориясындағы және Орта Азия жерлерінде өмір сүрген: арим, тур, дана сайрима, сайна, даха тайпаларын айтуға болады.

Қола дәуірінің соңына қарай күнге, айға және жұлдыздарға табынған. **Ата-бабаға сыйыну** және о дүниеге сену кең тараған. Қолда дәуірінің тасқа салынған суреттері адамзаттың рухани мәдениетін, оның дүниетанымын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы. ***Осындай суреттер көп табылған Таңбалы, Ешкіөлмес, Қаратау, Маймақ, Тарбағатай, Бөкентау аймақтары дүниежүзілік мәдениеттің қорына қосылады. Тастағы суреттерде жие кездесетін бейне жабайы бұқа. Тасқа қашау өнерінде жие кездесетін суреттерге қос өркешті бактриан түйесінің бейнесі, екі аяқты арбаның, соқа мен жер жырту бейнеленеді.***

Андроновтардың қоғамдық құрлысына келетін болсақ, мал шаруашылығы мен металлургия саласына ерлердің еңбегі көп қажет болғандықтан **ер адамдар рөлі жоғарлар әкелік отбасылық қатынас орнады.**

Қоғамның негізгі тобы – жауынгерлер. Үнді иран шежірелеріне қарағанда абыздар да жоғарғы бағаланған. Олар діни жоралғыларды жүргізуші, ежелгі дәстүр мен білімдерді сақтаушылар.

Андронов қауымдастығы құрамына енген тайпалардың тараған негізгі аймақтарының бірі Орталық Қазақстан болған.

Бұл өңірден 30 - дан астам елді мекен, 150 - дей қабір (қорымдар) қазып зерттейді. Солтүстік және Батыс Қазақстанда 150- ден аса қоныс пен 200- ге жуық қорым табылады. Ең ежелгі қала – Арқайым қаласы. (Қостанай мен Челябинь облыстарының шекарасы). Орталық Қазақстанның андронов мәдениетіне тән сипаты - оның монументалдығы мазарларының күрделілігі, тас өңдеумен байланысты құрылыс техникасының жетіле салтында кремация (мәйітті өртеу) басым болған. Көлемі шағын, үстіне топырағы үйілген қабырғалар айналасына тақта тастардан дөңгелек немесе тікбұрышты қоршаулар салынған. Қоршау ішінде не жерден тікбұрышты шұңқыр егіліп қазылған, жиек-жиегі тақта таспен (циста) көмкерілген моланың өзі, не тас жәшік болады. Жерлеу біткесін мола үсті тақта таспен жабылып тасталып отырған.

Керамика қатарынан сыртқы үшбұрыштар мен басылымды қосар сызықтар келісім тауып, жарасымды өрнектелген құмыралар көз тартады. Ыдыстардың тек жоғары жағы

ғана әсемделеді. Дөңгелек қола айналар, қола моншақтар ұшырасады. Қабір ішінен мәйітпен қатар үй жануарларының сүйектері де табылған.

Қоланың кейінгі кезеңі Орталық Қазақстанда жаңа мәдениет – Беғазы-Дәндібай мәдениетінің құрылуымен белгісі. Бұл мәдениетке тән бір қасиет, ол бірінші жағына, андронов дәстүрін сақтайды, екінші жағынан онда жаңа элементтер: мазарлардың айрықша типі, өзіндік өзгешілігі бар жерлеу салты, қыш ыдыс – аяқтардың жаңа түрлері пайда болады. Бұл дәуірде жер бетіне тастан қалап қабырғалары тұрғын үйлер салу рәсімі кең жайылады. Орталық Қазақстанның таулы аудандарында тұрғын үйлерді салуға ағаш кеңінен пайдаланылған. Жер төлелер қабырғалары ағаш тақталарымен көмкеріліп, оның төбесін ағаш бағандардың тұтас бір жүйесі тіреп тұрған.

Мәдениетті дамытуда металл өндіріп балқыту орасан зор рөл атқарған. Солтүстік және Батыс Қазақстанда көптеген андроновтық мәдениет ескерткіштері ашылып зерттелген, олардың ішінен Алексеев қонысы мен Тасты – бұтақ қорымы кеңінен мәлім болды. Бұл ауданда небәрі 80 – нен аса қоныс пен 90- ға тарта қорым ашылған

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта қола дәуірін Таңбалы, Қарақұдық қорымдары арқылы көзге елестетуге болады. Қола дәуірінде аналық рулық құрылыс ыдырап, аталық рулық құрылыс дами бастады.

Б.з.б. 3 мың жыл соңында Қазақстанның таулы және далалы аудандарында егіншілік пайда болды. Андронов тайпаларының тіршілігінде теселі егіншілік болған. Олар негізінен бидай, қарабидай және тары өсірді. Егіншілікпен қатар мал өсіру жедел қарқынмен дамып, негізгі салаға айналды. Андроновтық шаруалар қос өркешті бактериан түйелерін өсірген. Түйе бейнелері жартастарға салынған, ал Үшқатты қонысынан түйенің қыш мүсіні, Ақсу – Аюлыдан бота сүйегі, Алексеевке қоныстан – түйе сүйектері табылды.

Б.з.б. I мыңжылдықтың басында андроновтықтар аралас шаруашылықпен айналысып, егін егіп, мал өсірген. Олар тұңғыш рет қыста малды қолда ұстау тәжірибесін енгізді. Үй маңындағы жайылымдар жарамсыз болып қалған кезде бақташылар жаңа жайылымдарға көшіп отырды. Бұл мал өсірудің жайлаулық тәсілі. Ерлер жайылымдарға кетіп мекендеріне күз соңына таман оралған. Әйелдер мен балалар егіншілікпен айналысып, тұрақты мекендерде қалды. Кейінгі қола дәуірінде Қазақстанның далалық аудандарында мал өсіру шаруашылықтың негізгі саласына айналды. Бұл жағдайда малдың құрамы өзгеріске ұшырап, ірі қара азайып, қой мен жылқы көбейді. Орталық Қазақстанда түйе өсірілді. Көп малды қолда ұстау мүмкіндігі болмай, шаруашылықтың жаңа түрі – көшпелі мал шаруашылығы шыға бастады. Андронов тайпаларында жеке меншіктің пайда болуына мал шаруашылығына көшу ықпал етті.

Кен өндіру б.з.б. III мыңжылдықта басталған. Қола дәуірінде кен өндіріп балқыту ісі орасан зор көлемде жүргізілген. Мәселен, Жезқазған өңірінде 100 мың тонна мыс қорытылған. Ал Успен руднигінде 200 мың тонна кен өндірілген. Ежелгі кеншілер кенді толықтыру, тотықтандыру тәсілін тапқан, сонда ол жыныста жез бен қалайы қосындысы күрт көбейген.

Жұмсақ кен –қалайымен айыру арқылы

Қатты, тығыз кен- отпен уату арқылы (кен өзегінің үстіне от жағылып, әбден қызған кезде су құйып жарықшақтарға бөлу);

Үнгіп - қазу арқылы өндіру. Кен өндіру аймақтары: Жезқазған, Зыранда – мыс, Атасу таулары, Қалба, Нарым жоталарында қалайы, Степняк, Ақжол, Бала жалда – алтын.

Кен өндіру орталықтары - Орталық және Шығыс Қазақстан. Андроновтық тайпалар үй кәсіпшілігінде қыш ыдыстар жасаған.

Таспалық әдіс.

Қалыпқа салып пішіндеу әдісі. (б.з.б. ХҮІІ-ХҮІғғ).Орта қала кезеңінде ыдыс – аяқтар біркелкі стандартқа көшіп, жетіле түседі; бұрынғыдан жұқа, әсем келеді. Бұлардың ою - өрнегі бұрынғыша сызылған немесе штамппен түсірілген. Бұрынғы құмыралардың бір өзгешелігі – ою - өрнектер үш жолақ етіліп жүргізіледі.

Кейінгі қола дәуірінің ыдыс – аяқтары бір ерекшелігі – олар өте бүйірлі және жалпы нобайы дөңгелектеу болып келеді. Андроновшылардың ою- өрнектерінің кейбір элементтерін қазақтың қолданбалы өнерінен осы күні де көруге болады. Бұл өрнектер байлық пен масшылықты, тіл мен көзден сақтау белгісін және ыдыс ішіндегі затты білдірген. Айырбас сауда кейінгі қола дәірінде кең дамыған.

Андроновшылар отбасындағылары үй тіршілігіне қажетті іс-әрекеттің бәрінде жасай берген. Жіп иіру, тоқу, теріні өңдеу, киім – кешек пен аяқ киімді түрлі түсті жіппен әдіптеп, аппликациямен және жылтырақ бисермен безендіріп тігу – бәрін де игерген. Матаға қажетті жіпті мал жүнінен иірген. Оған өзге жүндер де, түбіт те жараған. Тіпті кенеп те, жабайы зығыр да, қалақай да пайдаланған. Ол кезде тоқыма станогі де ұршық та белгіні болатын. Еркектері де, әйелдері де бастарына жүннен тоқылған немесе теріден тіккен құлақшын киген. Әйелдер құлақтарына қола сырға, қапталған алтынмен дөңгелек сырғаларға тағып, мойындарына қоладан жасалған өңір жиектер, кейде озған алтын моншақтар тізіп салатын болған. Еркектері масақтары қоладан үшкірлеп жасалған садақтармен қаруланды.

Ерте қола дәуіріндегі мәдениеттің гүлденіп өсуі, оның Жерорта теңізі және Кіші Азия аймағы мен мәдени және экономикалық байланыс жасауы, осының нәтижесінде мүмкін болған Ұлы Жібек жолының бірте сүрлеуі тап сол кездері түсе бастаса керек. Орта қола дәуірінде андронов қоныстары қалың қабырғалармен, олармен бекітілмейді. Тегі сайын даладағы жағдай тынышталып, талас тапқанға ұқсайды. Ерте және орта қола кезеңдерінде яғни б.з.дейінгі 1 мың жылдар басында андроновшылар отырықшы болған. Аралас шаруашылықпен шұғылданып, егін егіп, мал өсірген. Маусымдық жайылымдар қашықтығы әр түрлі болған. Жетісу мен Шығыс Қазақстанда олар 50-ден 80 шақырымға дейін болса, дала мен сусыз шөлді басып, жүздеген шақырымдарға жеткен. Сонымен, үй іргесіндегі тепсеңнен – жайлауға көшу, отарлы мал шаруашылығы, сосын көшпелі шаруашылық туады, бұл әрине дала мен шөл жайылымдарын тиімді пайдалануға жәрдемін тигізеді.

Андроновтықтардың баспанасы жертөле және жартылай жер бетіндегі үйлер. Бөлмелерді жылыту үшін тастан қаланған пештер қолданылған, отын есебінде ағаш, бұта, тезек жаққан. Қоныстар 6-10 үйден, үлкендері 20 үйден құралған.

Кейінгі қола дәуірінде Орталық Қазақстанда көп бөлмелі жер бетіндегі үйлерді ауыр дөңбек тастардан салатын болған. Осындай үлкен үйлер қоғамдық жиындар өткізетін, діни ғұрыптарды атқаратын және үлкен отбасы мекендейтін орын болып есептелген.

Ежелгі Андроновтық дөңгелек баспаналар негізінде киіз үй жобасы пайда болды. Еңбек құралдары: тесе, тас кетпен, келі - келсап, (ерте қола дәуірі), орақ, шалғы (кейінгі қола дәуірі).

Діні мен өнері: Қола дәуірінің тайпалары табиғат күштеріне табынған. Жерлеген адамның басы батысқа немесе оңтүстік – батысқа қаратылып, қол – аяғын бүгіп жатқызған. Бұл жер ана құшағына барған сәби қалпындағы адам түсінігін берген. Өлікті матаушы ажал құдайы - Ямаға сыйынған. Ерте қола дәуірінде жерлеу салтында кремация (мәйітті өртеу) басым болған. Бұл табиғаттың жаңару заңдылығы, жаңа өмірге көшу түсінігі. Бұдан андроновтардың отқа табынғанын байқаймыз. Кейінгі қола дәуірінде жерлеудің кесенемен бірге өртеу түрі болған.

Ошақ қасиетті орын саналған. Жаңа түскен келін ошақты айналған, ол мәйітті шығарарда ошақты айналдырған.

Үй төбесінің басты тіреуіш дінгегі адамдарды көкпен жалғастырушы белгі. Мереке күндері оны гүлмен көмкеріп, үйлену тойы кезінде оның түбіне күйеу мен қалыңдықты отырғызған. Жәй күндері бұл құрметті орында ақсақалдар отыратын болған.

Қола дәуірінің соңына қарай күнге, айға және жұлдыздарға табынған. Ата баба аруағына сыйыну және о дүниеге сену кең тарады.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық

Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

Қазақстан аумағы – homo sapienстің қалыптасу ошақтарының бірі екендігін дәлелдеңіз

Орта деңгей:

Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы туралы баяндаңыз

Жеңіл деңгей:

Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениетін сипаттаңыз

БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері

1. Палеолит, мезолит, неолит дәуірлеріндегі тілдің, рационалды білімнің дамуы, діни түсініктердің қайта құрылуы

2. Жетісу аумағында соңғы қола дәуіріндегі Көлсай археологиялық мәдениетінің ашылуы.

3. Ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы жағдайында ежелгі Қазақстан аумағындағы энеолит және қола дәуірін зерттеудегі жаңа көзқарастар.

4. Жетісу аумағында соңғы қола дәуіріндегі Көлсай археологиялық мәдениетінің ашылуы.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.

2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.

3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.

4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016

7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.

8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.

10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.

11. Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.

12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.

13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.

14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

- 1.Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
- 3.Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
- 4.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б,Кәрібаев, Қ. Қаражан.және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., ЖылгелдиновМ.Т.Астана, 2017
- 9.Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған ; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
- 10.Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы.Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст]: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz
2. tarikh.kz